желтоқсанында берілді. Кеңестер Одағы Батыры атағын алған қазақстандықтардың ішінде Қарулы Күштердің барлық түрлерінің және әскери есеп мамандарының өкілдері, қатардағы жауынгерден бастап, корпус командиріне дейін болды. Олардың арасынан төртеуі бұл жоғары атақты екі реттен алды, 11 жерлесіміз Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен марапатталды. Олар – бомбалаушы ұшқыштар Т.Я.Бигельдинов, Л.И.Беда, И.В.Павлов және сынақшы ұшқыш С.Д.Луганский. Соғыс кезіндегі міндетті түрде болатын қайта құруларды бастан кеше отырып, қазақстандық 12 дивизия Жеңісті армия қатарында қарсы алды. Олардың бесеуі бір орденге, төртеуі екі орденге, тағы екеуінің әрқайсысы екі-екіден ордендерге ие болды. 5 дивизия Гвардиялық атағын алды. Рейхстаг үстіне Жеңіс туын қадау құрметіне 1943 жылы Қостанайдың Старая Русса ауданында 151-атқыштар бригадасы негізінде жасақталған Кутузов орденді Идрицк 150-атқыштар дивизиясы ие болды. Бұл дивизия көршілес басқа да әскери бөлімдердің қолдауымен тарихи міндетті тамаша орындап шықты. Оның 756-атқыштар полкінің барлаушылары М.Егоров пен М.Кантария Рейхстаг ғимаратының күмбезіне Жеңіс туын орнатты, сөйтіп, оған «Берлин дивизиясы» деген құрметті атақ берілді. Фашистік Германиямен соғыста 55 миллион боздақ құрбан болды. Әсіресе, Кеңестер Одағы халықтары орны толмас адам шығынын тартты. Біз майдан даласында 8668,4 мың офицерлер мен жауынгерлерден айрылды, уақытша басып алынған аумақтарда, концлагерлер мен каторгалық жұмыстарда 18 миллион бейбіт тұрғындар жау қолында қаза тапты. Біздің республикамыздың да адам шығыны зор болды. Бұл соғыста Қазақстан 602 939 адамнан айрылды. Әрбір екінші қазақстандық майдан даласынан қайтып оралмады.

Кеңес Одағы халқының фашистік Германияны жеңген аса зор құрбандығы осындай. Бірақ бұл жеңістің аса маңыздылығы – КСРО халықтарының тек өздерін қорғап қалғанында және болашақ дамуға ғаламат құрбандықпен жол салғанында ғана емес, жалпы адамзат баласын аман алып қалғандығында. Сондықтан да сұрапыл соғыста қайтпас қаһармандығымен, қайсарлығымен жеңіске жеткен ата-бабамыздың даңқы арта берсін демекпіз.





ВОЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ АҚЗИПА АПАЙЫМНЫҢ АРУАҒЫНА АРНАДЫМ ЖАЛЫН ҚҰШҚАН ЖАС ҒҰМЫР

Ким Серікбаев - профессор.



*Қанмайданнан қайтпай қалған сарбаздар
Елестейді бейне болып ең ізгі.
Меніңше әсте шәһит болған жоқ олар,
Ақ тырнаға айналып кеткен тәрізді.*

Расул ҒАМЗАТОВ.

Күз хабаршысы қыркүйек туа біздің Ақтөбе әрқашан әсем күй кешеді. Күн шұғыласы туып-өскен өңірімді де, жерлестерімді де байсалды тірлік әуеніне бөлейді. Жасыма жас қосылған сайын мен де сол әуенді аңсай түсемін, жылда кезекті еңбек демалысыма шығысымен Ақтөбеме жетуге асығамын.

Міне, менің көңіл құсымдай алып-ұшқан пойыз жүрісін бірте-бірте баяулатып, қала стансасының алдына сырғи жетіп тоқтады. Вагонның есігі ашылған сәтте шексіз де шырайлы далам маған құшағын жайып: «Айналайын Балам, қош келдің!» дегендей болды.

Туыстарымдай болып кеткен достарым: ауданымыздың әкімі **Оразбек Далмагамбетов** және **Қуаныш Ерманов** пен **Нұретдин Әлдерзин** күтіп тұр екен (Нұрекең кейінде қайғылы қазаға ұшырады, топырағы торқа болсын!).

Үшеуімен кезек-кезек құшақтасып, есен-саушылық сұрасып, мәре-сәре болыстық та, автокөлікке жайғасып, менің ұшқан ұяма – Ақжар атты ауылға аттандық. Онда менің апам, жиендерім тұрады.

Жолай **Өлке** деп аталған өзенге ат басын тіредік. Солай қалыптасқан дәстүріміз бар. Арнасы сәл ауытқығандай тұсында жарты арал тәрізденіп шығыңқы тұратын жағасына, бұйрасын талдардың бауырына дастарқан жайылды. Ауа тап-таза. Төңірек тып-тыныш. Өзен мөп-мөлдір. Достарым жанымда. Ерекше бір рахат дүние!.. Дегенмен, кейде әрне еске түсіп, көңіл шіркінім алабұртып та қояды...

Ауқат әредігінде достарым одан арғы жол-сапарымыздың жобасын айтты. Әрине, әрқашанғымызша, алғашқы ермегіміз - **Қона** көліне барып құс ату. Жағасын шашақты қамыс көмкерген айна көл көркем-ақ! Күз келді дегенше құсқа толды дей бер! Есейген балапандарын шұбыртқан үйрек атаулы алыс жылы жаққа ұшар алдында осында тынығып, күш жинайды. Көл балыққа да бай: бүкіш тұқы, сұр шортан, селеуқанат алабұға, қызғылтқайран үйір-үйір болып жүзіп жүреді.

Құрметті оқырман, мен бұл қызықтарды қоя тұрып, осыдан 67 жыл бұрынғы бір оқиғаны айтып берсем деймін.

xxx

...1943-жылдың наурыз айы. Ауылдың ән-күйі тоқтап, өксу мен күрсіну, жылау-сықтау жиілеген кез. Жүріп жатқанына екі жылдай болған алыстағы соғыс жақындағы ағайын-туыстардың, жерлестердің қатарын сирете бастаған. «Бәрі - майданға, бәрі - жеңіс үшін!» деген тіршілік. Ол жылы мен 9 жастамын.



Екі аттан парлап жеккен үш шаналы керуеніміз осы Өлке өзеніне жетіп тоқтаған болатын. Жол ауыр. Қорыс қар - белуардан, қою батпақ –дізеден. Әкем топ алдына шығып: *«Аттарымыз дем алсын. Сендер өздерің шомылып өскен мына өзендеріңнің суын ішіп, беті-қолдарыңды жуыңдар. Мұның суы киелі, сендерді қауіп-қатерден сақтайды. Айналайындар, сапарларың ұзақ, ал мақсаттарың игі: сендер елімізді, жерімізді қорғауға кетіп барасыңдар. Соғыстың аты - соғыс. Жолдарың болып, ауылға аман-есен қайтыңдар!»* деді. Әкемді қоршалаған топ менің апайым Ақзипа және оның алты құрбысы еді, - жеті қыз. Бәрі де 19 жаста. Комсомол мүшелері, жан-жақты маман механизаторлар. Мағаджан совхозы орталығындағы жетіжылдық мектепті бітірген соң механизаторлардың сегізайлық оқуын тәмәмдап, доңғалақты тракторды да, жыланбауыр тракторды да жүргізе алатын болған. Енді өздері сұранып, жүрек қалауымен майданға жол тартты.

Паша Ангелина деген комсомолканың: *«Қыздар, тракторды меңгеріңдер!»* деген ұраны болып, жер-жерде ол жұмыла іске аса бастағаны есімде. Сол шақыруды менің апайым Ақзипа мен құрдастары құп алып, «темір тұлпарды ерттеп мінген». Олар тракторды жүргізуді ғана емес, оны өздері жөндеп алуды да игеріп, совхоздың керек шаруасын құлшына істеп жүрді. Шаршау-шалдығуды білмейтін жалынды жастар ғой!

Сонымен, «жалынды жетеу» танктің әрі жүргізушісі әрі механигі оқуына кетіп барады, одан соң соғысқа жол тартады. Аттанбақ топтан танитындарым: немерелес апайым Жібек және екі Таня – Ворожищева мен Пачина. Қыздар жол қиындығына қарамай өлең айтып, қалжыңдасып, тіпті соғысқа бет алғандай емес, тойға бара жатқандай болып көңілді келеді.

-Ал, Ақзипа, айналайын қыздарым, уақыт оздырмайық, шығарып салушылармен қоштасыңдар, - деген әкем дереу сырт айналып, шанасына қарай кетті. Онысы, кейін ойласам, жол бойы қаншама жайдары болып келсе де, қоштасудай қиын сәтте қызына да, оның достарына да босандыққа бой алдырғанын көрсетпеуі екен.

Құшақтасып, сүйісіп қоштасу басталды. Қиын да кимастық сөздер айтылуда. Шығарып салушылар көздерін жас алды. Қыздар болса, көңілді қалыптарын сақтап, сыр берер емес.

Апайым маған айтар сөзін қашанда: *«Бауырым, жалғызым менің!»* деп бастайтын. Сол жолы да солай деп, мені бауырына баса құшақтап сүйіп, қойкөзі өткірлене қарап: *«Жақсы оқы, нағыз жігіт болып өс! Сен – біздің әкеміздің фамилиясын сақтайтын, өмірін жалғастыратын жалғыз мұрагерісің!»* деді, дауысы дірілдей сөйлеп. Қазір ойласам, онысы әке шаңырағын қимай қоштасқаны екен ғой.

-Кәне, қозғалайық, - деді әкем. Олар шанаға жайғасып, қол бұлғап кете барды. Біз қол бұлғап, біріміз өксіп, біріміз еңіреп қала бердік. Апайым алдыңғы шанаға, әкемнің жанына, Жібек екінші шанаға отырған еді. Олардың да көңілі алабұртқан болар, бірі көзін қолорамалымен, бірі жеңімен сүрткілеп барады. Бала болсам да, байқадым.

Апайымнан хабар-ошар сирек келіп тұрды. Сегіз айда *үш-ақ хат* алдық...

Шешеміз 14 құрсақ көтерген екен. Бәріміз де тағдырдың әмірінде болып, маңдайымызға жазылғанды көрдік. Бізге өмір есігін ашқан ғасырдың небір қияметпен, тауқыметпен басталғанын білесіздер, біз қатарлылар бала, жастық шақтарымызда көп қиындық арқаладық. Біздің ең үлкен екі ағамыз тіршілік қамымен қыста балық аулап жүріп, мұз астына кетіп қайтыс болды. Олардан кейінгі ағаларым мен апайларымның бірін жылан шағып, бірін сүзек, тағы басқа ауру дендеп, біз сирей бердік. Ең соңында Қанзипа апайым көз жұмды. Көркем бітісті көрнекті қыз еді, сырқаттың кесірінен шүйкедей болып бітті.

Сөйтіп, біз: Ақзипа мен Мария (Мүтәш апай) және мен – үшеуіміз қалдық. Ақзипаның құрбысы, орыс қызы Александра (Шура) дейтін.



Біздің жанұя, 1940



Әкем егіс бригадасының бригадирі, одан соң сиыр фермасының меңгерушісі болды. Шешем – сауыншы. Екеуі жұмысқа таң бозынан кетіп, інірде келеді. Тұрмысымыз жұтаң. Біз ғана емес, совхоз жұмысшыларының бәрі де тірнектеп, үнемдеп күнелтіп жүрді.

Паша Ангелинаның үндеуіне бірінші болып дерлік құлшынған кісі Ақзипа шығар. Бір күні арнаулы жұмыс киімін киіп келді. Үстіне қона кетіптіп, жарасымды. Ол да үйден таң ата кетіп, кеш бата келетін болды. Әке-шешеге көмектесу үшін шамасының келгенінше табыс табуды бастағаны еді. Маған да көңіл бөліп үлгіреді, басымнан сипап, мандайымнан сүйіп: *«Бауырым менің, тентек болма, Мутәш апайыңның тілін ал»* дейді. Мен тентек болайын деп болам ба, үйдегі ең кіші болған соң өздері еркелетеді. Менен 10 минут ерте туды деген егізім – Владимир біржарым жасында қайтыс болыпты.

Майданға аттанғанға дейін жұмыс істеген Ақзипа шөп шабу, егін ору кездерінде мені өзімен бірге алып жүрді. Бірде комбайнға, бірде тракторға мінгізеді. Тракторды қалай жүргізуді үйретті. Өзі жыланбауыр дәу тракторды үйреткен тайдай егіп алған: алға да, артқа да зырлатып, оңға да, солға да бұрғанда ұршықша үйіреді деуге болады. Мен апайымның мықтылығына мәз болып, іштей мақтанып отырамын.

Ақзипа әрқашан тап-тұйнақтай болып, таза киініп, ширақ жүреді. Село комсомолдарының басшысы. Кейде, жұмыс аяғында, жастарды жиып алады да, ол күні нендей іс тындырғандарын, қандай кемістік болғанын ортаға сала талқылайды, ертең атқарылмақ жұмыстарды пысықтайды. Апайым басқаларға күнделікті жұмысымен де, ұстамды мінез-құлқымен де, шешен сөйлеуімен де үлгі-өнеге болып жүрді. Құрбы-құрдастарын ПВХО, ОСОВИАХИМ курстарына, мылтық атып үйренер жерге де бастап барады. Ол курстардың мән-жайы аға буын өкілдеріне жақсы мәлім, ал бізше – бүгінгі азаматтық қорғаныс курстармыз. Ақзипада төсбелгі (значек) көп болатын. Курсты бітіргенінде оған ГТО (*«Готов к труду и обороне»*) куәлігі мен төсбелгісі берілген. *«Отличный Ворошиловский стрелок»* дегені де бар. Әке-шешеміз Ақзипаның қажыр-қайратын, оқуға қабілеттілігін, жұмысқа ынталылығын мақтаныш етіп, меймандарымызға оның оқу озаты, еңбек екпіндісі деп берілген көп грамоталарын, төсбелгілерін көрсетіп, төбелері көкке жетіп отырады.

Үкімет жастарды грамотамен, төсбелгімен алдарқатып қана қоймады, жұмыстарына қарай еңбекақы беріп тұрды. Ақзипа совхоз МТС-ы (Машина-трактор стансасы) есебінен әжептәуір айлық алып жүрді. Бірінші ақшасын алғанда ауыл жастарын жиып, ән салып, би билеп дегендей, көңілді кеш өткізгені есімде. Маған барқыт жағалы сұры мауыт (сукно) пальто сатып әперді, ол қыздарға арналған, сол жаққа қаусырылатын пальто болса да, мен киіп алып тайраңдадым емес пе?

Соғыс басталды да, ауыл тірлігі күрт өзгерді. Жігіттер майданға аттанып, орындарын кемпір-шалдар, қыз-келіншектер басты. Ақзипалар тәулігіне 12-14 сағат жұмыс істейтін болды. Ал 1943-жыл туа *«әйелдерді де әскерге алады екен»* деген сөз шықты және оның жай ғана сөз еместігі көп кешікпей расталды.

...Жолаушыларды шығарып салуға кеткен әкем келесі күні әрі кеш, әрі түнеріп оралды. *«Жағдай қиындады. Қыздарды әскерге алып, әскерше киіндіргендерін көрдім, аяқтарында - керзі етік. Білектей бұрымдары жоқ, Беретін тамақтары да оңша тәуір емес екен. Казарма дейтінге жинап алған. Жүгіртіп, секіртіп, әскери ойын ойнатады, тәртіп қатаң. Көруге, қоштасып шығарып салуға барған туыстарымен*



жолықтырмайды. Шіркіндерді қайда апарып, не күйге ұшыратар екен?!» деп күйзеле сөйледі. Қызыл әскер қыздардың туыстары ақылдасып, қыздарына киім-кешек, тамақ апарып беруге екі кісіні қалаға жұмсады. Бірақ олар, өкінішке қарай, текке барыпты, қыздар командасы одан ары аттанып кетіпті.

Бір ай өте бере апайымның *алғашқы хатын* алдық. Қандыағаш қаласынан келген бір кісі әкеліп берді. Сәл-пәл мыжылыққыраған



бүктеулі бір жапырақ қағаз. Куана аштық. Өлең етіп жазыпты. Мен 3-сыныпта оқитын едім, ежіктеп оқып бердім, бірақ өзім ештеңе ұға алмадым. Біздің маңайдағы *«Борлы»*, *«Табантал»*, *«Өлке»* деген өзендерді атапты, өзіміздің *«Көп тоғай»* ауылындағы жеміс-жидек бау-бақшасын айтыпты.

Қазекем: «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген ғой. Қай-қайсысымыз болсақ та, айталық, туып-өскен жеріміздің қадір-қасиетін ұзақ жолға шыққанда білеміз, ал әншейінде өзен-көлдері, орман-тоғайлары, тау-тасы қандай екеніне мән бермейміз, басқа жақтағылардан ешқандай ерекшелігі жоқ, бір жердің бетінде болғанның бәрі бірдей сияқтанады. Оқу, қызмет бабымен алыс кетіп, уақыт ұзара бастағанда бәрін еске еріксіз алып, көз алдына елестете бастайсың. Бәрі де басқа жақта жоқтай айрықша әсем, әдемі тәрізденеді. Сағыныш сезімің сағымданып, ой-қиялыңды оята бастайды. Туып-өскен жеріңнің ғажаптығын қара сөзбен айтып беру мүмкін емес деп біліп, өлең тілімен сөйлейсің. Бұрын поэзияда шаруаң болмаса да, енді *«ақындық өнер»* табасың. Ақзипа апайым сөйтіпті. Өсіріп-жеткізген әке-шешеге алғысын да, оларға қолқабыс болып үлгірмегенін, қамқорлық жасай алмағанын да өлеңмен айтыпты. Хатты оқып болып, әке-шешеме қарағанымда екеуінің де өңі біртүрлі өзгергенін байқадым. Шешем орамалының шетін тістеп, үнсіз жылап отыр екен. Менен хатты алып иіскеп: *«Ақзешім-ай, сағындық қой! Өлеңдетіп хат жазған қолыңнан айналайын!»* деді, үні құмығып.

Ақзипа апайымның сол хаты сақталмағанына әлі күнге өкінемін.

Екінші сәлем-хабары жарты жылдан соң келді. «Полевая почта» деген таңба-әдрісі бар үш бұрышты хат. Майданнан келетін хаттар сондай болады екен. Апайым жаңа *«трактор»* алғандарын, оны жақсылап меңгеруді үйреніп жүргендерін, көп кешікпей *«жер жыртуға»* кірісетіндерін жазыпты. Әке-шешемнің сауаты шамалы болса да, құдай мол сана-сезім берген аңғарымпаз адамдар еді, хаттағы «трактор», «жер жыртуға» деген сөздердің мағынасын Мүтәш екеуімізге түсіндіріп, Ақзипалардың соғысқа кіруге дайындалып жүргендерін ұқтырды және хаттағы ол құпия сөздерді ешкімге айтпауды тапсырды.

1944-жылғы көктемнің алғашқы күндерінің бірінде әкем аудандық соғыс комиссиариатына шақырылды. Талдыбұлақ колхозының бастығы болатын. Әскерге алуға шақырған шығар деп шошыдық.

Таңсәріде аттанған әкем, жанында бізге бейтаныс бір кісі бар, кешке қайтып оралғанда бәріміз қуандық, бірақ әкемде өң жоқ, түс жоқ. Қатты шаршап-шалдыққан, қажыған кісіше түнеріп, тік денесі еңкіш тартып қалған. Ол халін бізден бұрын, әрине, шешемнің аңғарғаны сөзсіз, әлдебір тосын жәйтті сезгендей өңі қуқылданып, мазасыздана бастады, алайда апайым екеуі күндегі әдеттерінше дастарқан қамына кірісті.

Әкеммен бірге келген, әскериге ұқсас киім киген жасаң өңді егделеу кісі соғыс комиссариатының өкілі екен. Ол қалтасынан конверт алды да, сол әредікте келген ауылсовет төрағасына ұсынды. Төраға конвертті ашып, ішіндегі қағаздың бүктеуін жазып, шешеме көз тастап: *«Құрдас, өмірдің ащы-тұщысын көп көрген жандардың бірісің, сабыр сақта, бекем бол, - деді, дауысы бәсең шығып. Содан соң қағазға үңілді: - Отанымыздың тыныштығы, азаттығы, бейбітшілігі үшін күрескен Жанғлышбаева Ақзипа қанмайдаанда ерлікпен қаза тапты».*

Төраға тағыда шешеме қараған соң мен де қарадым. Шешемнің өңі эппақ болып кетіпті. Ләм демей, селт етпей біраз отырды. Мүтәш апайым айғайлап жылап жіберген кезде ғана селк ете түсіп: *«Ойтырым-ау. Не болды?! Не болды?!»* деді, жан-жағына қарап, көзінен жас саулап. Мен қорқып кетіп, бақырып жылап, сәкіден түсуге ұмтыла бере құлап қалдым...

Ақзипаның қазасы отбасымызды қаусатып кетті. Әкем өз-өзінен тұйықталып, ештеңеге ынтасы болмай, колхоз бастығы міндетінен сұранып босады. Жасы қырық төртке қараған шешем аз-ақ күнде шашы ағарып кемпірге ұқсап қалды. Шашы ағарып кетті. Біз Қызыл ту ауылына көшіп бардық. Әкемнің туыстары, дос-жолдастары сонда тұратын. Әке-шешем соларды дәтке қуат етпек болған екен.



Арада жарты жыл өткенде Жібек апайым майданнан оралды. Жараланып, мүгедек болып қалыпты. Ақзипаның қазаға қалай ұшырағанын айтып берді. Ал әкешеміз оңалмады, көп ұзамай бірінен соң бірі көз жұмды. Біз тұлдыр жетім боп қала бердік.

Жібек апайымның әңгімесі:

-Біз танкінің механик-жүргізушісі курсында алты ай оқыдық. Оны бітіргеннен кейін Ақзипа және 18 қыз майданға, соғыс шебіне жіберілдік. Танкілеріміз, басқа да әскери қару-жарағымыз, солдаттық кухняміз бар өзіміз жеке эшелон болып жолға шықтық. Пойыз түнде ғана жүреді, ол – сақтықтың талабы. Бесінші тәулікте Краснодар өлкесінің Майкоп деген стансасына барып жеттік. Эшелон бастығынан рұхсат алып, вокзалға бардық. Керекті азық-түлік және жеткілікті етіп су алмақпыз. Бір кезде, қайдан, қалай келе қалғанын білмеймін, әуеде неміс ұшақтары пайда болып, біздің эшелонға бомба тастап, зеңбірек пен пулеметтен оқ жаудырды. Вагондардан шығып, қашып, тығылып үлгіргендер аман қалды да, үлгірмегендер – Ақзипа мен бірнеше қыз тірідей жанып кетті. Техникамыз түгел қирады. Тірі қалған біз және жергілікті тұрғындар бар бәріміз қаза болғандарды жерлеуге кірістік. Кімнің кім екенін айырып білу мүмкін болмады, күйіп кеткен.

Ертеңінде арнаулы топ келіп, қаза тапқандарымызды солар жерледі. Біздің дені-қары сауларымызды басқа бөлімдерге, ал жаралыларымызды госпитальге жіберді. Мен госпитальде төрт ай жатып шығып, міне, араларыңа келген түрім осы, - деді Жібек апайым. Тілі күрмеле берді. Басы қалтақтайды. Ары қарай сөйлей алмады, көзін жұмып, локси бастады.

Мүгедек Жібек апайым соғыс біткеннен соң да ұзақ жылдар бойы әскери госпитальде, Ақтөбе қаласының ауруханасында жатып емделді.

xxx

XX-ғасырда адам айтысыз басқыншылық қырғын соғысты бастаған фашистік жендеттер қатал да әділ жазаланды. Көптеген елдердің миллиондаған халқын: жазықсыз кәрі мен күнәсіз сәбилерін өлтірген қарақшы-жауыздарды Халықаралық әскери трибунал соттады.

Әлия Молдағұлова мен Зоя Космодемьянская, Мәншүк Мәметова мен Лиза Чайкина, менің Ақзипа апайым сияқты мың-миллион жастардың - қанмайдаңда қаза болған небары 18-19 жастағы жалынды ұл-қыздардың ерлігі ұмытылмауы керек, олардың жарқын бейнесі бүгінгі біздің де, келер ұрпақтардың да жүрегінде сақталуға тиіс.

Дүние жүзі елдерінің саяси, әскери басшылары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, барша қоғам мен қауым жаңа соғыс өртін тұтатуға жанталасушы қара күштерге тойтарыс беріп отыруы қажет. **Енді ешқашан соғыс болмасын!**

xxx

Әңгімемнің әліпбиін аңшылық сапарымыздан бастап едім ғой, енді соны баяндап берейін. Жергілікті аңшы бізді көл жағасының о тұсы мен бұ тұсына, қамыс арасына тұрғызды. Үйректердің келуін солайша жасырын, үндемей күтуге тиіспіз. Күттік. Біржарым сағат өтіп, таң ата үйректердің барылдаған дауыстары естіле бастады. Сірә, «сапқа тұрындар!» деген бұйрық ала керек. 15-20 минуттан кейін олар көл үстінде «топтанып барлай ұшуды» бастады. Жетекші аңшымыз үйректер көл үстіне бәрі жинала ұшқан сәтте ғана ату керектігін ескерткен. Жарты сағат шамасында үйректер көл үстінде «құрметті айналып ұшу» жасап, қонуға құдия бергенде біз де шүріппені бастық-ау. Тұс-тұстан болған тарс-тұрс атыс үйректердің туталақайын шығарды. Олар үйірген құйынға тап болғандай біресе жоғары ұмтылып, біресе төмен қарай ұшып, естері шығып кетті. Біз қызыққа батып, желігіп алдық.

Әрбір залпымыздан кейін 8-10 үйрек көл бетіне қалпақтай түсіп жатты. Таң атты. Атуды тоқтаттық. Бір сәт тыныштық орнады. «Барыс» атты иттің иесі – жергілікті аңшы енді итін «жұмысқа жекті». Иті ит-ақ екен, «міндетін мінсіз атқарды». Оққа ұшқан үйректерді иесіне алып келген сайын шолақ құйрығын тұштандата арсалаңдап еркелейді, «мен қандай екенмін, көрдіңдер ме?!» дегендей бізге де қарап қояды.



Әлдебір тұста судың шолпылы, үйректің жарықшақ барылы естілді де, «Барыс» тағы ұмтылды. Біз де байқап қалдық, жаралы үйрек суды сабалап, қамысқа кіріп барады екен. Барыс қамысты жандәрмен аралай қашқан үйректі әрең дегенде тістеп алып, иесінің алдын әкеп тастай салды. Әлі де болса аз-маз мұршасы бар үйрек біз тұрған құрғасын жердегі бұтаның арасына кіріп кетпек болып еді, ит оны бассалып, аусарлана тістеп өлтіріп жіберді. Аңшылар қарқ-қарқ күлді. Ондайды талай рет көрген ғой. Ал мен еріксіз тіксіндім: қос жұдырықтай ғана құстың тірі қалуға тырысқан ақырғы әрекеті тым аянышты болды.

Кешкісін ауылға оралдық. Менің «жеңімпаз» достарым өте көңілді, аңшылық жайында әзіл-қалжыңды ағытты. Маған жақсылап дем алуды ұйымдастырғандарына да әбден риза сияқты. Құс етін құшырлана жеп, «қыздырар суды» сыңғытып отырып, аңшылығымыздың нәтижесін айтысты, менің мергендігіме жоғары баға берісті. Қайсысы екені есімде жоқ, әйтеуір, біреуі менің туған күнімнің жақындап қалғанын есіне алып, маған ең мақтаулы «Беретта» деген мылтықты силау жөнінде ұсыныс айтты. Екінші жігіт: «Жо-жоқ, «Заурді» силайық, одан жақсы мылтық жоқ!» деді. Оны бәрі дереу құптап, құшырлана қол соқты. Мен дос-жолдастарыма рахметімді айттым, бірақ силықтарынан бас тарттым. «Маған жалпы ешқандай мылтық керек емес, бүгінгі аңшылығым ең ақырғысы болсын!» дедім. Бәрі аң-таң болды.

Құрмет-қошемет көрсеткен ауыл жұртшылығына ертеңінде ыстық ықыластары үшін ақтарыла алғыс айтып, келген ізіммен Алматыға қайттым. Жолда кешегі құс атуымызды еске алып отырып, іштей: *«Адамның өміріне қауіп төндіргенде болмаса, әншейінде ешбір тірі жәндікке қол жұмсауға, оны өлтіруге болмайды!»* деп қорытынды жасадым. Оным әсірепацифистік пейіл ме? Жоқ, олай емес! Мен – кәнігі әскери адаммын. *Қарудың құнын, қарулы әскердің мән-жайын білемін. Қолдағы қаруды өміріңді үзбек болған қаскөйге ғана қарсы жұмсауың, әскерді еліңе, жеріңе қатер төндірген басқыншыға ғана қарсы қоюың керек!*





РАСПРОСТРАНЕНИЕ УПРУГИХ ВОЛН В ИЗОТРОПНОМ ОДНОРОДНОМ ПОЛУПРОСТРАНСТВЕ С ЦИЛИНДРИЧЕСКОЙ ПОЛОСТЬЮ

Тугельбаева Г.К старший преподаватель кафедры высшей математики и физики Военного института Сухопутных войск



Аннотация

В работе рассматривается распространение упругих волн в изотропном однородном полупространстве с цилиндрической полостью, на границе которого действует динамическая нагрузка.

Линейные упругие волны играют большую роль в инженерных расчетах, в конструкционных элементах судостроения, самолетостроения, ракетостроения, а также в расчетах подземных и наземных конструкций. Для решения применяется метод распада разрыва.

Введение

Основным источником сейсмических колебаний для исследования и определения глубинных строений в сейсморазведке и в специальных задачах инженерной сейсмологии, где моделируются волновые движения, являлись взрывы. Взрыв, как источник динамического возбуждения, обладает рядом недостатков, к которым относятся наличие большого количества набора частот, содержащихся в колебаниях, и ограничение в соответствии с требованиями охраны окружающей среды.

В связи с этим в последнее время получили широкое применение невзрывные источники сейсмических колебаний, применяемые в сейсморазведке, строительстве и геофизике, для изучения глубоких недр земли. Они удобны большой мобильностью и с их помощью можно создать колебания в массиве грунтов и горных пород с желаемыми параметрами.

Общая постановка задачи и основные уравнения


Рассмотрим распространение упругих волн в изотропном однородном полупространстве с цилиндрической полостью, на которую действует динамическая нагрузка:

$$v = Ate^{-\alpha t}$$

При граничных условиях:

$$0 \leq t \leq \infty, 1 \leq r \leq r_0.$$

Предполагается, что среда изотропна и однородна. Будем пренебрегать внешними массовыми силами, ограничимся случаем малых, деформации среды.





Дифференциальные уравнения движения среды в рассматриваемом случае имеют вид:

$$\begin{cases} \rho \frac{\partial^2 u_r}{\partial t^2} - \frac{\partial \sigma_{rr}}{\partial r} - \frac{\partial \tau_{rz}}{\partial z} = \frac{\sigma_{rr} - \sigma_{\theta\theta}}{r}; \\ \rho \frac{\partial^2 u_z}{\partial t^2} - \frac{\partial \tau_{zz}}{\partial r} - \frac{\partial \sigma_{zz}}{\partial z} = \frac{\tau_{rz}}{r}, \end{cases} \quad (1)$$

где ρ - плотность среды.

Упругие свойства изотропной среды обычно определяются двумя константами. При исследованиях упругих волн чаще всего используются постоянные Ляме λ , μ и зависимость между напряжениями и деформациями (обобщенный закон Гука для линейно-упругого изотропного тела) имеет вид:

$$\begin{cases} \sigma_{rr} = \lambda\theta + 2\mu \frac{\partial u_r}{\partial r}; \\ \sigma_{zz} = \lambda\theta + 2\mu \frac{\partial u_z}{\partial z}; \\ \sigma_{\theta\theta} = \lambda\theta + 2\mu \frac{u_r}{r}; \\ \tau_{rz} = \mu \left(\frac{\partial u_r}{\partial z} + \frac{\partial u_z}{\partial r} \right), \end{cases} \quad (2)$$

где $\theta = \frac{\partial u_r}{\partial r} + \frac{u_r}{r} + \frac{\partial u_z}{\partial z}$ -объемная деформация.

Введем безразмерные величины:

$$\begin{aligned} \bar{r} &= \frac{r}{r_0}; & \bar{z} &= \frac{z}{r_0}; & \bar{t} &= \frac{at}{r_0}; & p &= \frac{\sigma_{rr} + \sigma_{zz}}{2\rho a^2}; \\ q &= \frac{\sigma_{rr} + \sigma_{zz}}{2\rho a^2}; & \tau &= \frac{\tau_{rz}}{\rho a^2}; & \sigma &= \frac{\sigma_{\theta\theta}}{\rho a^2}; & \bar{u} &= \frac{u}{a}; & \bar{v} &= \frac{v}{a}; \\ a &= \sqrt{\frac{\lambda + 2\mu}{\rho}}; & b &= \sqrt{\frac{\mu}{\rho}}; & \gamma &= \frac{a}{b} > 1; & u &= \frac{\partial u_r}{\partial t}; & v &= \frac{\partial u_z}{\partial t}. \end{aligned}$$

После введение безразмерных величин уравнения (1) и (2) имеют вид:

$$\begin{cases} \rho \frac{\partial u}{\partial t} - \frac{\partial \sigma_{rr}}{\partial r} - \frac{\partial \tau_{rz}}{\partial z} = \frac{\sigma_{rr} - \sigma_{\theta\theta}}{r} \\ \rho \frac{\partial v}{\partial t} - \frac{\partial \tau_{zz}}{\partial r} - \frac{\partial \sigma_{zz}}{\partial z} = \frac{\tau_{rz}}{r} \end{cases} \quad (3)$$



$$\left\{ \begin{aligned} \sigma_{rr} &= \lambda \left(\frac{\partial u_r}{\partial r} + \frac{u_r}{r} + \frac{\partial u_z}{\partial z} \right) + 2\mu \frac{\partial u_r}{\partial r}; \\ \sigma_{zz} &= \lambda \left(\frac{\partial u_r}{\partial r} + \frac{u_r}{r} + \frac{\partial u_z}{\partial z} \right) + 2\mu \frac{\partial u_z}{\partial z}; \\ \sigma_{\theta\theta} &= \lambda \left(\frac{\partial u_r}{\partial r} + \frac{u_r}{r} + \frac{\partial u_z}{\partial z} \right) + 2\mu \frac{u_r}{r}; \\ \tau_{rz} &= \mu \left(\frac{\partial u_r}{\partial z} + \frac{\partial u_z}{\partial r} \right). \end{aligned} \right. \quad (4)$$

После преобразований уравнений (3) и (4) получим

$$\left\{ \begin{aligned} u_t - p_r - q_r - \tau_z &= \frac{p + q - \sigma}{r}; \\ v_t - p_z + q_z - \tau_r &= \frac{\tau}{r}; \\ \gamma^2 (p + q)_t - \gamma^2 u_r + (2 - \gamma^2) v_z &= (\gamma^2 - 2) \frac{u}{r}; \\ \gamma^2 (p - q)_t + (2 - \gamma^2) u_r - \gamma^2 v_z &= (\gamma^2 - 2) \frac{u}{r}; \\ \gamma^2 \sigma_t + (2 - \gamma^2) u_r + (2 - \gamma^2) v_z &= \gamma^2 \frac{u}{r}; \\ \gamma^2 \tau_t - u_z - v_r &= 0. \end{aligned} \right. \quad (5)$$

Для решения системы уравнения (5) используется численный метод «распада разрыва», разработанный С. К. Годуновым. Метод Годунова является наиболее эффективным методом для решения квазилинейных систем уравнений в частных производных гиперболического типа.

Литература

1. Попручиков В. Б. методы динамической упругости. М.: Наука, 1986. 328 с.
2. Ворович И. И., Бабешко В. А.,
3. Годунов С. К., Забродин А. В., Прокопов Г. П. Разностная схема для двухмерных нестандартных задач газовой динамики и расчет обтекания с отошедшей ударной волной. ЖВМиМФ, 1961. вып. 1. №6, с. 1020-1050.



ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

*Қайырбекова А.А. Павлодар қаласы. С. Торайғыров
атындағы ПМУ-дің ізденушісі.*



Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан бай тарихи, мәдени мұрасын қайта жаңғырту, соларды жаңа заман талабына сай кеңінен пайдалану- бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі.

Көшпелі халқымыздың тіршілік болмысына, өміріне көз салсақ оларға темір әрі киім, әрі сауыт (кіреуке, көбе, бадана), әрі белдемше, әрі қорғаныс құралы-дулыға, қалқан, әрі қару-жарақ-найза, қылыш, садақ, айбалта, семсер, мылтық, әрі кәсіптік зат-үзеңгі, таралғы, жүген, әрі мықтылықты бейнелейтін рухани символ болды.

Тарихымызды таразыласақ, «темір» сөзінің қолдануы V-XIII ғасырларда туындаған Орхон-Енисей жазбаларындағы Күлтегін жырында кездеседі. *«Батыста інжу өзенін кеше темір қақпаға дейін жауладым, Күлтегін жауын қылышпен шапты»* деген сөз бар. XII ғасыр туындысы саналатын «Оғыз қаған» шығармаларында да темір сөзі мынадай жолдарда кездеседі: *«Бұл үйдің шатыры алтыннан еді, түндіктері күмістен, қақпалары темірден еді».*

Халқымыздың ертедегі сөз өнерінде темір туралы көп сөз тіркестері бар. Ертедегі Түркілерде *«Көк темір тек тұрмас»* деп темір тиген жерін бүлдіріп, жаралап кететінін айтқан. Ертеде түркілер ант ішіп серттесткенде қылыштарын ортаға қойып, *«Көк темір кірсін-қызыл шықсын»* деп серттеседі. Ол серттескенде, серт бұзылса-қызыл қанға боялсын деген мағына. Халқымыздың ертедегі жыр-дастандарын оқып отырғанда темірдің күнделікті өмірде өте кең қолданылғанын көреміз. VI-VIII ғасырда Сыр бойы мен Қаратауда өмір сүрген *«Қорқыт ата»* кітабында: *«қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа күш жасама», «Батыр туган жігіттің садағы мен оғы да қылыштай кесіп түседі»* деген сөздер бар.

IX-X ғасырдағы «Оғыз нама» туындысында: «Бейне бір алтын (Темір) қазық шоқ жұлдыздай»-деп суреттейді. Оғыз қағанның «Найзамен өлтірілді», «Темір найза-бұл арман», «Садақ тартып, көп оқ аттым» деген де сөздері кездеседі.

Міне, осынау бағзы заманнан бастау алған бейнелі сөздер, әдеби тілдің бастауы жайында көрнекті ғалым Б. Әбілқасымов: «Қазақ тілі ертеде қазақ халқын құраған ру, тайпа тілдері ретінде, ал беріде XV-XVI ғасырлардан былай қарай, қазақ халқының біртұтас ауызекі сөйлеу тілі ретінде әлденеше ғасырлар бойы сол халықпен бірге жасап келе жатқаны мәлім. Сонымен қатар өзінің көркемдігі мен бейнелілігі жағынан дүние жүзінің ешбір жазба әдеби тілінен кем түспейтін қазақ халқының ауызша әдеби тілі болды. Ол тілдің үлгісі алуан түрлі ауыз әдебиет жанрларында, шешендік толғауларда сақталады». Жыраулар поэзиясы сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген, онда өмір мен болмыс, заман және адам туралы толғанып қана қоймай, ерлік-азаматтық, жауынгерлік өлеңдері де болады, оның лексикасында қару-жарақ атаулары мен соғыстық, ереуілдік ұғымдағы сөздер едәуір кездеседі. Олар: найза, ақ алмас, көк семсер, қылыш, қозыжаурын қу жебе, бадана, көбе, сүңгі, алдаспан, бұқаржа, саржа т.б. Жыр мен толғауларда көне қару-жарақтың балдағы алтын құрыш болат, сары жүн оқ, сакетер, толғамалы ақ балта, алты құлаш ақ найза, толғаулы найза, алмас семсер, бадана көз, тоғыз тор, ала білек оқ, көбесбұзар жебе т.б. Мысалы: *Балдағы алтын құрыш болат, Ашылып шапсам дем тартар (Қазтуған жырау), Сақ етер тиді саныма, Сақсырым толды қаныма* (Доспамбет жырау).

Осылардың ішінде жыр жолдары мақалға айналып кеткені жайлы Мұхтар Мағауин: «Шалқиз-көбі мақалға айналып кеткен талай афористік сөздердің авторы. Көзі жігі жырау өзінің айтпақ ойын неғұрлым өткір, неғұрлым дәл бере алатын сөздерді іріктеп қолданады. Және бұл әдепкі, қарабайыр сөздер емес, қынаптан суырған қылыштай айдынды да әсем, өмірге, динамикаға толы образды сөздер»-деп баға берген [1.46].



Шалкиз «Жалғыздың жағы жоғалса табылмас, рулының оғы қалса табылар» деген мақалдың өзінен аз сөзге көп мағына сиғызу өнеріне ие болғанын көреміз.

Сонымен қатар жырау әр батырдың басқаға ұқсай бермейтін қасиетін танытарлық эпитет, метафоралар мен теңеулерді де батырдың тұлғасына сай қару-жарақ түрлерімен салыстыра, теңей отырып жырлаған. Мысалы: «Қайырылып барып тез сынар, Қайың оқтың жарқасы», «Ақ табан ару торы ат жайлаған, Алдаспан ауыр қылыш байлаған, Сыпайышылық бұ-ды деп, Ала білек оқ салған...» немесе «Жауырынына қанды көбе симаған, Жағасына адам қолы тимеген», «Атқан оғын оздырған, Дұшпанның тобын тоздырған, Бір ойында алпыс ала балта сындырған, Айсаның ару ұлы Қолай бар», «Қанды ауызға сырлап салған жебедей .. Қан жұқпас қайқы қара болат өтпеген» деген бейнелі сөздерге мән берсек ерлердің кейпі шынында да адамды сескентерліктей, бұл сипаттамалардан сол замандағы айдындылықтың, айбарлықтың, батырлықтың белгілерін көріп отырмыз. Шалкиз жыраудың шығармаларынан көне қару-жарақ түрлері мен архаизмдері көптеп кездесетінімен ерекшеленеді. Жыраудың шығармаларындағы «көбе бұзар жебе, қайқы қара болат, байсасы тудай, алдаспан, қанды көбе, ала балта, қанды ауызға сырлап салған жебе, найза, берен, егеулеген болат» деген сөздер ертеде қолданылған қару түрлерін білдіреді.

М. Мағауин осы сөздердің ішіндегі «байса» деген сөзге мынадай түсініктеме береді: «Байса (дұрысы пайса немесе найза)-монғол дәуіріндегі және одан соңғы біраз уақыттардағы әмірлер мен бектерге, үкімет адамдарына берілетін белгі. Пайса көбіне металдардан жасалып, оған иесінің шеніне сәйкес әртүрлі хайуанаттардың (лашын, жолбарыс, т.т.) суреті салынатын болған» [1.51] деп сипаттама береді. Осыған қарап жыраудың сөз қолданыстарында өте көне қару аттарының кездесетіні мәлім. Сонымен қатар Қашаған жыраудың да шығармаларынан ел ішінде мақалға айналып кеткен «Жақсының сөзі майдадай, Жаманның сөзі найзадай» жыр жолдары кездеседі. Бұл жақсы кісі қатты айтар сөзін майдалап ақырын жеткізе білетіні, ал жаман адамның айтқан сөзі өткір найзадай осып түсетіні жайлы мағынаны білдіреді.

Қазтуған жырауларында кездесетін әскери аталымдар: *балдағы алтын құрыш болат, сары жүн оқ, адырнасы шайы жібек оқ*, т.б. Мысалы: «Қарағайдан садақ бұдырып, Қылышымды сары жүн оққа толтырып» деп немесе «Адырнасы шайы жібек оққа кірісті, Айдаса қойдың көсемі, Сөйлесе қызыл тілдің шешені».

Қазтуған жырау көшпенділердің шынжырбалақ шұбартөс әскери аристократиясынан шыққан, ел көсемі би, қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен. Сол заманның әлеуметтік тартысына орай ол- өлеңді ат үстінде, топ ортасында жарып салып, суырыла сөйлеген жырау.

Осы ыңғайда Махамбеттің өлеңдері Қазтуған әуеніне ұқсас келеді. Қазтуған «Балдағы алтын құрыш болат, Ашылып шапсам дем тартар, Сусыным қанға қанар» деп бейнелесе, Махамбет «Балдағы алтын құрыш болат, Балдағынан қанға боялмай» деп суреттейді. Жалпы Махамбет өлеңдерінде кездесетін атаулар ақын өмір сүрген дәуірден жүз, екі-үш жүз жыл бұрынғы батырлық жырлар мен өлеңдерде кездесетін атаулар. Тіпті бұл қару-жарақтардың суреттемесі, эпитеттері де, теңеуі де баяғыша: *балдағы алтын ақ болат, балдағы алтын құрыш болат, адырнасын ала өгіздей мөңіреткен, қызыл сырлы жебе, күшіген жүнді оқ, қозыжауырын оқ, садақ толған сай кез оқ, құрулы жатқан жебе, алты құлаш ақ найза, он екі тұтам жай т.б.*

Осы қару-жарақтардың ішінде найза түрлерінің атауы да жыраулардың жыр жолдарынан кездеседі. Ақтамберді жырау «Қоңыраулы найза қолға алып» немесе «Жалаулы найза қолға алып», Сүгір Мырзаұлының «Ер Сырым» деген өлең жолдарынан «Қобылап соққан ақ найза, Шанысса сызығынан бойлаған» деген жырлардан найзаның бірнеше түрлерін кездестіреміз.

Бұл жайында Құлмат Өмірәлиев «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» деген еңбегінде: «Махамбет-ақын, сондықтан да ол атадан мұраға қалған қаруды, бүкіл батырлық жыр сақтап жеткізген атауды поэзия заңы ыңғайымен суреттей атауда өзіндік стильге де ие еткен. Махамбет бір найза сөзіне бірнеше эпитет сөз тіркестіреді: *толғамалы найзамен, қоңыраулы найза, қималы найза, алты құлаш ақ найза, жалаулы найза, егеулі найза, болат найза.*



Махамбет өлеңдерінде найза, садаққа қатысты атаулар жиі кездеседі. Найза сөзін ақын 15-ке жуық қайталайды. Бірақ Махамбет қылыш сөзін екі-ақ орайда ғана тілге оралтады: *қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік; Ат-жігіттің майданы, Қылыш-жанның дәрмені. Өлім-қақтың пәрмені*-деген шешендік үлгідегі афоризмде екінші қатардағы мағынасымен келеді.

Ал найзаның синонимі ретінде келетін сүнгі сөзі мен бес қарудың бірі сауыт сөзін ақын бір-ақ рет *«сүңгімен түртіп ашарға, сауыт киер күн қайда?»* еске алады»-деп жазады [2.189] Ал оққа қатысты сөздер ақынның өлеңдерінде бейнелі сөздер көптеп кездеседі, олар: *қозы жауырын оқ, сары жебе, сұр жебе, күшіген жүнді оқ т.б.* Қылыш түріне байланысты бірнеше атау түрлерін ақын ерекше бейнелейді. Мысалы: *балдағы алтын құрыш болат, ақ алмас, балдағы алтын ақ болат.*

Негізі ақын-жыраулардың шығармаларынан көне қару түрлерінің сирек кездесетін, әрі қазіргі кезде бірнеше топшылауы мен болжамдауы бар сөздер кездеседі. Мысалы: Доспамбет жыраудың бір толғауында: *«Сақетер тиді саныма, Сақсырым толды қаныма»* - деген жыр жолындағы *сақетер, сақсыр* сөздері бұл күндері қолданылмаған бейтаныс сөздер.

Бұл жайында белгілі тілші ғалым Р. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінде қарапайым соғыс қаруының аты *«сақ етіп тиетін нәрсе) немесе «сақ етіп тиетін оқ»* дегеннің бейнелі атауы деп көрсетіледі.

С.Аманжолов *сақетер* әдеби тілдегі қылыш дегеннің орнына қолданылатын диалектизм, яғни Қазақстанның батыс өлкесіне тән жергілікті сөз деп таниды. Осындай қару түрлерінің көне атаулары Қашаған жыраудың шығармаларында да кездеседі: *«Бұрынғы өткен заманда, Болған екен көп ұрыс. Көп ұрыстың кезінде, Жәбірейіл Жәннеттен, алып келген төрт қылыш. Төрт қылыштың атын айтайын: Біреуінің аты-Хамхам, Біреуінің аты- Сәмсам, Біреуінің аты-Зұлқажжа, Біреуінің аты-Зұлтықар»* осы өлең жолдарында *хамхам, сәмсам, зұлқажжа, зұлтықар* деген қылыш түрінің ең алғашқы атаулары кездеседі. Сонымен қатар жыраулардың жыр жолдарынан қылыштың бірнеше атау түрлерін кездестіреміз. Мысалы: *«Қан жұқпас қайқы қара болат», «Алдаспан ауыр қылыш суырған», Шалкиіз жырау, «Балдағы алтын құрыш болат»* Қазтуған жырау т.б. жыраулардың шығармалары арқылы заманымызға жыр жолдары болып жеткен қару атауларын танимыз. Олардың қылышқа байланысты атаулары: *қайқы қылыш, балдағы алтын құрыш болат, қайқы қара болат, алдаспан, хамхам, сәмсам, зұлқажжа, зұлтықар, қыпшақы қылыш, мүсіре қылыш, қаралы күміс сапты қылыш, наркескен, сағақты қылыш, болат қылыш, аспаһани қылыш, тура қылыш, ақ болат, ақберен, ақ алмас, қисық табан қылыш, сары ала қылыш, ақ алмас, сапы, ақ балдақ, көк қылыш т.б.*

Жыраулар поэзиясында қару-жарақ атауларының қолданылу аясы өте кең. Қолбасшы жыраулар өз қаруларын қасиетті санап, сыйынған қастерлеп, әрқайсысына жеке ат қойған. Әрі өз заманының талабын, өз ортасының тілек мүддесін білдірген жыраулар исі қазақ болып атқа қонуды, дұшпанға соққы беруді армандаған тұстарын жыр жолдарымен келтірілген. «Ер Қосай» деген жырда Ер Қосай: «Атамнан қалған зұлфұқар, Бабамнан қалған зұлфұқар, Қарыс қара жерінде, Қырық мың ердің құны бар. Жау жағадан алғанда, Ердің айтар мұңы бар. Айқасып жаумен қалайын, ерлердің кегін алайын, Сілтесем маған серт, Шапқаныма шыдамай, балдақтан кетсең саған серт» деген жолдардан батыр өзі жорыққа шығар алдында қылышына серт айтып ант беріп шығады да, мына бір өлең жолдарында «Алты қырлы ақ жебе, Шыққан жері қу төбе, кесіп алған жерінде, Қырық ай жатқан қуарып, Қырық қара нар майына, Алып едім суарып. Алып атқа алған адырна. Он атқа алған бұхаржа, Қуысына оқ салып, Ата алмасам маған серт. Атқаныма шыдамай Кірістен кетсең саған серт» деп садағы мен оғына, одан әрі «Үстімдегі ақ сауыт, Ақ кіреуке бек сауыт, Қылыштың қайқы жүзіне, Зеңбіректің оғына,

Қайда қалың шоғына, Кәпірдің қалың тобына, Сүңгімесем маған серт, Оқ дарытсаң саған серт» деп өз әскери құралдарына серт айтып, ұрыс алаңына ұран тастап шыққан.

Ақтамберді жыраудың мына бір жыр жолдары *«Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екеміз, Күдерімен бау тағып, Кіреуке тон киер ме екенміз, Жағасы алтын,*



жсеңі жез, Шығыршығы торғай көз, сауыт киер ме екеміз! Қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып, Жау қашырар екенбіз» деген жолдардағы кіреуке тон, жағасы алтын, жсеңі жез, шығыршығы торғай көз, қоңыраулы найза деген сөздер қас батырдың киетін киімдері мен қаруларының сипатын білдіріп тұр. Кіреуке –ерте замандардағы соғысқа киетін сауыт. Бірақ кіреуке деген сырт киім түрі де бар. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы мен эпостарында көбе, кіреуке, сауыт бұл үш сөз қатар, бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мысалы: Доспамбет жырауда «Кілең бұздай кілшейтіп, көбелер киген өкінбес», «күдеріден бау тағып, кіреуке киер күн қайда», Шалкиізде «Күніне мың кісімен ұрысқан, Жаурынына қанды көбе сыймаған».

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасындағы жетекші тақырып-сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен ел қорғаған батырларды мадақтаған жырлар баршылық. Соның бірі Тәтiқара ақынның «Қамыстың басы майда, түбі сайда, Жәнiбек Шақшақұлы болат найза» немесе «Найзасының ұшына жау мiнгiзген, еменәлi керейде ер Жабайды айт», Махамбеттің «Исатай деген ағам бар» өлеңіндегі мына бір «Исатай деген ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар» деген жолдарында батыр өзінің ағасы барында ешқандай жау тойтара алмайтынын ақ кіреуке жағам бар сөзінен байқап тұрмыз. Ал ерлігін «Ер туар ма бұлардай! Мына отырған Иса-екем, Дулығалы бас кесiп, Дұшпанының қанына Ақ алмасын суырдай-ай!!» деп батырдың ерлігін ақ алмасымен қарсы тұрғанын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі ауыз әдебиеті үлгілері мен өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың тілін талдағанда қару-жарақ атауларының бірнеше нұсқалары жақсы байқалады. Ол аталымдардың бірнеше мағынада қолданылатынын байқаймыз. Бір жағынан, бұл кезеңдерде қазақ тілінің лексикалық нормасы қалыптасып бітпесе де, поэзиялық шығармалардан олардың бейнелі атауларын біліп танимыз. Мысалы: ату құралдары – оқ, жебе атаулары-сайгез оқ, ала білек оқ, көбебұзар жебе, егеулі оқ, сары жүн оқ, қозыжауырын қу жебе, сары жебе, сұр жебе, бұлың оқ, ала білек оқ т.б. сауыттың – сауыт, көбе, кіреуке, берен деген атаулары, шабу құралдары – қылыш, қайқы қылыш, балдағы алтын құрыш болат, қайқы қара болат, алдаспан, хамхам, сәмсам, зұлқажжа, зұлтықар, қыпшақы қылыш, мүсіре қылыш, қаралы күміс сапты қылыш, наркескен, сағақты қылыш, болат қылыш, аспаһани қылыш, тура қылыш, ақ болат, ақберен, ақ алмас, қисық табан қылыш, сары ала қылыш, ақ алмас, сапы, ақ балдақ, көк қылыш т.б. атаулары, түйреу құралдары – найза, толғамалы найзамен, қоңыраулы найза, қималы найза, алты құлаш ақ найза, жалаулы найза, егеулі найза, болат найза атаулары, қылиан, қорамсақ, қорамса тұлғалары «жақ оғының қабы» мағынасын білдіретіндігі-осылардың бәрі қазақ лексикасының белгілі бір кезеңдеріндегі нормалану сипатын танытып тұр.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография «Жазушы» баспасы, Алматы-1968.
2. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы «Ғылым» - 1976.270 бет.
3. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (Сөдердің қолданылу тарихынан), 2-басылуы.-Алматы, «Санат», 1994-272 бет.
4. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық./ құрастыр: М.Мағауин, М. Байділдаев.-Алматы: Жазушы,1989.-Т.1.-384бет.

Резюме

Қазақ тілінде әскери аталымдарға байланысты сөздер - халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған сан-салалы әлеуметтік, жаугершілік факторлар жағдайымен пайда болған.

Слова, связанные с военной терминологией в казахском языке, появились в сознаний народа из жизненного опыта..

The words in the Kazakh Languageб connected with military terms became in the process of people's real life.



«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ



А. Тамаев Құрлық әскерлері әскери институтының доценті

Қазақ халқының батырлық жырлары өткен тарихымыздың, дәстүрлі мәдениетіміздің өнегелі беттерін еске салатын әрі бүгінгі күнімізді өткенмен жалғастырып тұратын алтын көпір. Сондай жырларымыздың бірі – «Алпамыс батыр». Жырдың көркемдік сипатын анықтайтын құнарлы қабаттарының бірі ондағы образдар жүйесі.

Жырдың басты кейіпкері – **Алпамыс**. Алпамыстың дүниеге келуі де, өсіп-өнуі де жырда ерекше сипатталады. "Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып" балалы болуды арман қылған Аналық пен Байбөрі көз жасын көл қылып құдайға сыйынады. Аналықтың:

"Жасымыз болса кеп қалды,
Енді қандай қылалық.
Мақұл десең алғаным,
Алаша, төсек салғаным
Әзіреті Сұлтанға
Екеуміз де баралық
Әулие қылса керемет
Болар ма екен жаңалық.
Бермесе құдаң шара не,
Далада өліп қалалық..."

деген зарлы тілегі, "бір перзенттің жоғынан, ағайын жеді малымды" деп өксіген Байбөрінің аталық арманы жырда соншалық көркем суреттеледі.

Жыршы тыңдаушыны алдын-ала психологиялық жағынан дайындап, жасы ұлғайған жандардың құдайдан бала тілеуінің себеп-салдарларын санамалап айтып, тыңдаушыны еріксіз сендіреді. Аналық пен Байбөрі Қаратау төңірегіндегі баптардың талайының басына түнейді. Арыстан бап, Ысқақ бап, Сайрамдағы сансыз бап... Ақыр аяғында шаршап-талып ұйықтап жатқан екі мұндының түсіне есек мінген ақ сақалды, сәлделі қария кіріп:

" Менің атым Шашты Әзіз
Қыламын десең ықылас,
Жарылқады жаратқан
Ей, бейшара, көзіңді аш,
Ұлыңның аты – Алпамыс
Қызыңның аты – Қарлығаш..." - деп аян береді.

Жырдағы болашақ батырдың дүниеге келуі ерекше. Фольклортану ғылымында мұны ғажайып туу мотиві деп атайды. Алпамыстың дүниеге келуін бүкіл ел болып тойлайды. Байбөрі бар байлығын шашады.

Қуанып байғұс көңілі,
Болғай деп ұзақ өмірі,
Анаған берді бір атты,
Мынаған берді бір атты
Арт жағы қызық той болып,
Сойғызды тоқсан құр атты.
Баз біреулер ешкі алып,
Баз біреулер қойды апты.
Бір алғаны екі алып,
Ойламапты ұятты...



Алпамыстың өсуі басқа балалардан өзгеше болады. Ойнап жүріп қолы тиген бала өліп қала береді. Ақыры ойнайтын бала таба алмай, өрмек тоқып отырған кемпірдің жанында ұйықтап жатқан баланы "әй, бала тұр, ойнаймыз!" деп түртіп қалғанда ол бала да өліп кетеді. Баласының өліміне қазаланған кемпір Алпамысқа ашумен:

Бекерге жұрт баласын қырып жүрсін,

Ойыңа келгенінді қылып жүрсің.

Сарыбай қызын бермей, кетті қашып,

Несіне ойын ойнап күліп жүрсің?!,

- деп, бойыңа сыймаған күшінді жау қолындағы қалыңдығыңды алуға жұмсамайсың ба деген уәж айтады. Кемпірдің аузынан Сарыбаймен құдалық, қалыңдығы Гүлбаршын жайын естіген Алпамыс жылқы ішінен Байшұбар тұлпарды таңдап мініп қалмақ еліне жол тартады.

Ол жақтағы қалмақ ханы Қараманның қысымына ұшыраған Гүлбаршын да Алпамыс келер жолға тасқа хат жазып қалдырып, оны зарыға күтіп жүреді. Қалмақ елінің шетіне ілінген Алпамыстың алдынан Гүлбаршын шығып оған: « Қараманмен шайқаспа, оған шамаң келмейді, одан да қаш!»-деп кеңес береді. Алпамыстың жаумен тұңғыш рет бетпе-бет келуі де осы кез. Алғашқы ерлігі де осы жерде танылады. Қыздың ұсынысына келіспеген Алпамыс нағыз ерге лайық жауап қайтарады:

- Ашыса жаның Гүлбаршын,

Жолама менің қасыма.

Нелер келіп, не кетпес,

Ер жігіттің басына.

Сонша жерден келгенсін

Ар қылмай ерлер қаша ма?!

Қараманды да, қалмақ әскерін де жеңген Алпамыс қалмақ еліне атасы Сарыбайды хан сайлап, Гүлбаршынға үйленіп мол олжамен еліне оралады.

Еліне оралған Алпамысты жақсылық күтіп тұрған жоқ еді. Бұл жақта елін қалмақ ханы Тайшық шауып кеткен болып шығады. Көтеріңкі көңілмен оралған батыр әке қаһарына жолығады:

Байбөрі сонда сөйледі:

- Тумай кеткір Алпамыс,

Тұр көрінбе көзіме.

Еш қайратың тимеді

Адам болып өзіме.

Тайшық алды жылқымды,

Құртып кетті мүлкімді

Тұр алдымнан, кет деді

Жауға кеткен кегі үшін Алпамыс тағы да Тайшық ханның соңынан аттанады. Осы жерде Алпамыстың ер жігітке тән қасиеті, мінез қырлары жарқырай ашылады. Оның біріншісі әке кегін қууы болсақ, екіншісі ерге тән мінез көрсетіп жауға аттануға бел байлап, тәуекел етуі.

Елі, халқы жиналып келіп батырға "жауға жалғыз аттанба, әскер алып бар!" деген кезде батыр оған көнбей жалғыз кетуді мақұл көреді. Көптің басын қатерге тікпей не көрсе де өз басы көргісі келеді. Осы жерден оның қарақан басының емес елдің, халықтың мүддесін, амандығын көздейтіндігі көрінеді. Жырдың өн бойында Алпамыс қалмақ әскерімен бірнеше рет шайқасады. Әр шайқас сайын батыр ерлігі күшейген үстіне күшейіп, үдеп отырады. Тайшық ханның әскерімен соғыс жайы жырда:

"... Енді қалмақ ат қойды,

Жүз мың әскер лап қойды,

Қарсы ұмтылды Алпамыс

Қамысқа түскен құдай боп.

Біреуді біреу білмеді,

Біреуді біреу көрмеді,



Аспаннан түскен нардай боп,
Есепсіз қалмақ қырылды,
Жабысқан будан удай боп,
Майданнан аққан қызыл қан,

